Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
Ғылыми кеңеспен бекітілді
Ғылыми кеңес төрағасы
«25» маусым 2026 ж. № 15 хаттамасы
_____ М. Төлеген

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 7М04113 «Стратегиялық менеджмент және бизнес-әкімшілендіру (EMBA)» білім беру бағдарламасы бойынша

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Өскемен, 2026 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 7М04113 «Стратегиялық менеджмент және бизнес-әкімшілендіру (EMBA)» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Университет) оқуға түсушілерге қойылатын талаптарды, құжаттарды қабылдау тәртібін, түсу сынақтарын ұйымдастыруды, конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидалар төмендегі құжаттарға сәйкес әзірленді:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына;

– Университет Жарғысына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына.

3. Executive Master of Business Administration (EMBA) білім беру бағдарламасы жоғары және орта буын басшыларының кәсіби және басқарушылық құзыреттерін дамытуға, стратегиялық ойлауын, көшбасшылық қасиеттерін және цифрлық трансформация мен қарқынды өзгеретін бәсекелестік орта жағдайында ұйымдарды тиімді басқарудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

4. EMBA магистратурасына жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау түсушінің жеке қаражаты және өзге де көздер есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

5. Білім беру процесін ұйымдастыру, оқу мерзімі, академиялық кредиттер көлемі және берілетін біліктілік бекітілген білім беру бағдарламасы мен қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар арқылы айқындалады.

2. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

1. EMBA білім беру бағдарламасына жоғары білімі бар және оны тиісті білім туралы құжатпен растайтын тұлғалар қабылданады.

2. Бағдарлама негізінен жоғары және орта буын басшыларына, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілеріне, кәсіпкерлерге, бизнес иелеріне және кәсіби әрі басқарушылық қызмет тәжірибесі бар мамандарға арналған.

3. Оқуға түсушілерге мынадай талаптар қойылады:

1) жоғары білімінің болуы;

2) білім беру бағдарламасының бағытына сәйкес кәсіби тәжірибесі мен басқарушылық құзыреттерінің болуы;

3) басқарушылық қызметтегі еңбек өтілінің кемінде 1 жыл болуы – Университеттің бекітуіне ұсынылатын ішкі талап ретінде;

4) түсу әңгімелесуінен сәтті өтуі;

5) қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынуы.

4. Кәсіби тәжірибені бағалау кезінде басқарушылық қызмет, құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ету, стратегиялық жобаларды іске асыру, кәсіпкерлік қызмет және басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысу ескеріледі.

5. Шетел азаматтарын қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Құжаттарды қабылдау тәртібі

1. EMBA білім беру бағдарламасына қабылдауды ұйымдастыру үшін Университеттің Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы - Басқарма төрағасы - ректор. Комиссия құрамы Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерді ақпараттандыруды, құжаттарды қабылдау мен тексеруді, түсу сынақтарын ұйымдастыруды және оқуға қабылдау материалдарын дайындауды қамтамасыз етеді.

3. Оқуға түсушілер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Университеттің Басқарма төрағасы - ректорының атына өтініш (құжаттарды тапсыру кезінде ресімделеді);

2) қосымшасы бар жоғары білім туралы құжат (шетел азаматтары үшін - нострификация туралы құжат, диплом мен транскрипттің нотариат куәландырған көшірмелері және олардың нотариат куәландырған аудармалары);

3) жеке басын куәландыратын құжат (шетел азаматтары үшін - паспортының көшірмесі және нотариат куәландырған аудармасы);

4) лауазымы көрсетілген еңбек өтілін растайтын жұмыс орнынан анықтама;

5) 3*4 белгіленген форматтағы фотосуреттер;

6) 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес, оқуға қабылданғаннан кейін бірінші академиялық кезең ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тану рәсімінен өтеді.

5. Қабылдау комиссиясы ұсынылған құжаттардың толықтығын, оқуға түсушінің белгіленген талаптарға сәйкестігін және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын тексереді.

6. EMBA бағдарламасына өтініштерді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен 31 шілдесіне дейін, қысқы кезеңде 28 қазаннан 30 қарашаға дейін қабылдайды.

7. Әңгімелесу және түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 10 - 20 тамызы аралығында, қысқы кезеңде 1 желтоқсаннан 10 желтоқсанға дейін өткізіледі.

4. Түсу сынақтарын өткізу тәртібі

1. EMBA білім беру бағдарламасына түсу сынақтары қолданыстағы қабылдаудың үлгілік қағидаларына және Университет бекіткен оқуға түсушілерді іріктеу тәртібіне сәйкес өткізіледі.

2. Оқуға түсушілердің кәсіби даярлығын, басқарушылық тәжірибесін және уәждемесін бағалау үшін әңгімелесу ұйымдастырылады.

3. Әңгімелесуді құрамы Университеттің Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен бекітілетін комиссия өткізеді. Емтихан комиссиясы тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі не философия докторы (PhD) дәрежесі бар Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінен жасақталады.

4. Әңгімелесу барысында мыналар бағаланады:

– оқуға түсушінің кәсіби және басқарушылық тәжірибесі;

– стратегиялық және талдамалық ойлау деңгейі;

– басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті;

– көшбасшылық және коммуникативтік құзыреттері;

– білім алуға және кәсіби дамуға уәждемесі;

– алған білімін практикалық қызметте қолдануға дайындығы.

5. Әңгімелесу бағалаудың объективтілігі мен ашықтығы талаптарын сақтай отырып, күндізгі немесе қашықтан форматта өткізілуі мүмкін.

6. Әңгімелесу нәтижелері комиссия хаттамасымен ресімделеді.

7. Оқуға түсушіні қабылдауға ұсыну туралы шешім түсу сынақтарының нәтижелері және белгіленген талаптарға сәйкестігі негізінде қабылданады.

8. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

5. Конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау тәртібі

1. EMBA білім беру бағдарламасына ақылы негізде қабылдау түсу емтиханының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Оқуға қабылдау үшін мыналар негіз болып табылады:

1) оқуға түсушінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

2) түсу сынақтарының оң нәтижелері;

3) қажетті құжаттарды ұсынуы;

4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуы;

5) шартта көзделген қаржылық міндеттемелерді орындауы.

3. Оқуға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін, қысқы кезеңде 10 қаңтарына дейін жүзеге асырылады.

4. Оқуға қабылдау туралы бұйрықты Басқарма төрағасы – ректор бекітеді.

6. Әңгімелесу нәтижелерін бағалау өлшемшарттары

Әңгімелесу барысында оқуға түсушіге оның кәсіби тәжірибесін, басқарушылық құзыреттерін, стратегиялық ойлауын және оқуға уәждемесін бағалауға бағытталған сұрақтар қойылады.

Комиссия мүшелері оқуға түсушінің кәсіби қызметіне, басқарушылық шешімдерді іске асыру тәжірибесіне және алған білімін қолдану перспективаларына қатысты қосымша сұрақтар қоюға құқылы.

Әңгімелесу нәтижелері бес өлшемшарт бойынша 100 балдық шкаламен бағаланады.

№	Бағалау өлшемшарты	Ең жоғары балл
1	Кәсіби және басқарушылық тәжірибе	25
2	Стратегиялық және талдамалық ойлау	25
3	Көшбасшылық және коммуникативтік құзыреттер	20
4	Басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті	20
5	EMBA бағдарламасы бойынша оқуға уәждеме	10
	Барлығы	100

Кәсіби және басқарушылық тәжірибені бағалау кезінде кәсіби қызметтің ұзақтығы мен мазмұны, басқарушылық жауапкершілік деңгейі, ұжымды басқару және жобаларды іске асыру тәжірибесі ескеріледі.

Стратегиялық және талдамалық ойлау оқуға түсушінің басқарушылық жағдайларды талдау, стратегиялық басымдықтарды анықтау, тәуекелдерді бағалау және ұсынылған шешімдерді негіздеу қабілеті бойынша бағаланады.

Көшбасшылық және коммуникативтік құзыреттер команда жұмысын ұйымдастыру, кәсіби өзара іс-қимыл орнату, өз ұстанымын дәлелдеу және жанжалдарды шешу қабілеті ескеріле отырып бағаланады.

Басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті практикалық тәжірибе, дербес ойлау, баламалы шешімдерді анықтау және олардың салдарын болжау білігі негізінде бағаланады.

Оқуға уәждеме кәсіби мақсаттарды, EMBA бағдарламасының мазмұнын түсінуді және алған білімін басқарушылық практикада қолдануға дайындығын ескере отырып бағаланады.

Бағалау шкаласы және шешім қабылдау

Әңгімелесу нәтижелері төмендегі шкала бойынша бағаланады:

Балл саны	Бағалау деңгейі	Нәтиже
90 -100	Жоғары	Ұсынылды
75 - 89	Жеткілікті	Ұсынылды
60 - 74	Қанағаттанарлық	Ұсынылды
0-59	Жеткіліксіз	Ұсынылмады

Ұсынылатын ең төменгі өту балы – мүмкін болатын 100 балдың 60 балы.

Комиссияның әрбір мүшесі оқуға түсушіні белгіленген өлшемшарттар бойынша дербес бағалайды.

Қорытынды балл комиссия мүшелері қойған жиынтық бағалардың арифметикалық орташа мәні ретінде анықталып, бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша комиссия мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- «Оқуға қабылдауға ұсынылды»;
- «Оқуға қабылдауға ұсынылмады».

Комиссия шешімі төраға, хатшы және комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді (Қосымша 1).

Әңгімелесу нәтижелері Университет белгілеген тәртіппен оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

Қосымша 1

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
Үміткермен әңгімелесу өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы
қ. Өскемен *№____ «____» _____ 202___ж.*

Комиссия төрағасы _____
(Аты жөні)

Комиссия мүшелері _____
(Аты жөні)

Үміткер _____
(Аты жөні)

Азаматтығы _____

Ұлты _____

Бітірген _____
(жоғары оқу орнының атауы, бітірген жылы)

Академиялық дәрежесі/біліктілігі _____

Білім беру бағдарламасы _____
(білім беру бағдарламасының атауы, коды)

Қойылған сұрақтар бойынша дайындық деңгейін бағалау:

№	Бағалау өлшемшарты	Ең жоғары балл	Қойылған балл

Әңгімелесу нәтижелері бойынша комиссия үміткердің деңгейі
жеткілікті /жеткіліксіз және оны _____ ББББ бойынша магистранттар қатарына қабылдау үшін және ұсынады немесе ұсынбайды.

Комиссия төрағасы _____ ТАӘ
қолы

Комиссия мүшелері _____ ТАӘ
қолы

_____ ТАӘ
қолы

Хатшы _____ ТАӘ
қолы